

СӨЗІММЕН ХАЛҚЫМ АМАЛ ҚЫЛСЫН ДЕСЕҢ, АМАЛ ҚЫЛ ӨЗ СӨЗІҢМЕН ӘУЕЛ ӨЗІҢ!

Мәшһүр Жүсіп

Баянтау

ГАЗЕТІ



Газет 1931 жылғы
4 қыркүйектен шыға бастады

№5 (11521) 5 ақпан, 2026 жыл

МАРАПАТ

КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Өткен аптада аудан әкімі Ардақ Ксентаев көпбалалы аналарды қабылдап, «Алтын алқа», «Күміс алқа» төсбелгілерін табыстады. Марапаттау рәсімінде аудан басшысы аналарды құттықтап, жылы лебізін білдірді.

Отбасы – шағын мемлекет десек, сол мемлекеттің болашағын тәрбиелеп, өсіріп отырған жандар – аяулы аналар. Табиғат сыйлаған табандылық пен іскерліктің, шыдамдылық пен қажырлы қайраттың арқасында әр салада қызмет етіп, тек қана ұлқыздарына ғана емес, жан-жаққа үлгі болып жүр. Тарихи сәтте аудан әкімі Ардақ Әнуарбекұлы аяулы аналарға мықты денсаулық, бақыт, отбасыларына амандық тіледі. Аудан демографиясының өсіміне үлес қосып, саналы ұрпақ тәрбиелеп отырған Ақсаң ауылының тұрғыны Алтынгүл Дүйсембаеваға «Алтын алқа» төсбелгісін кеудесіне тақты. Ал, «Күміс алқа» наградасымен Жаңажол ауылының тұрғыны Сафура Якубова, Баянауыл тұрғыны Лаура Сихымова және Ұзынбұлақ ауылының тұрғыны Дамира Серғазина марапатталды.

Өз тілшімізден



ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ



2026 жылдың 31-қаңтар күні еліміз үшін аса маңызды тарихи құжат – Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы жарияланды. Конституция – қоғамдағы әрбір адамның өмірімен тікелей сабақтас, сәби кезден бастап қарттыққа дейінгі бүкіл ғұмырға ықпал ететін басты құқықтық тірек. Ол – мемлекет пен азамат арасындағы өзара жауапкершілікті айқындайтын, ел дамуының бағыт-бағдарын бел-

гілейтін ең маңызды құжат. Жаңа Конституцияның айрықша ерекшелігі – оның мазмұны ғана емес, тілдік қолданысының жеңіл әрі түсінікті болуы. Бұрын құқықтық мәтіндер күрделі терминдер мен ұзақ құрмалас сөйлемдерге толы болып, қарапайым халық үшін қабылдауы қиын еді. Ал жаңа редакциядағы Конституция қазақ тілінде нақты, ықшам, ойға қонымды тілмен жазылып, әр азаматқа заңды еркін түсінуге

ӘДІЛ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ

мүмкіндік берді. Бұл – мемлекеттік тілдің құқықтық кеңістіктегі беделін арттырған маңызды қадам. Құжатта Қазақстан халқы мемлекеттің бірден-бір билік көзі әрі егемендіктің иесі ретінде айқын белгіленген. Бұл ұстаным халықаралық құқықтың негізгі қағидаттарымен толық үндеседі. Атап айтқанда, ол Біріккен Ұлттар Ұйымының жарғысында бекітілген халықтардың теңдігі, егемендігі және өзін-өзі басқару құқықтарын басшылыққа алады. Сонымен қатар адам құқықтарын қорғауға бағытталған халықаралық декларациялар мен фактілердің талаптарына сәйкес келеді. Жалпы-халықтық референдумды халық билігін тікелей жүзеге асырудың негізгі тетігі ретінде бекіту – демократиялық жүйенің нығаюына жол ашады. Бұл шешім азаматтардың ел тағдырына қатысты маңызды мәселелерге тікелей араласуына мүмкіндік беріп, халық егемендігін нақты іс жүзінде іске асырудың айқын

көрінісіне айналды.

Жаңа жоба – заман талабына сай жаңарған, ұлттық болмыс пен халықаралық құқықтық стандарттарды ұштастырған, әділетті әрі ашық қоғам құруға бағытталған тарихи құжат. Ол әр азаматтың құқығын қорғап қана қоймай, елдің болашақ дамуына берік құқықтық негіз қалайды. Сонымен бірге, жаңа Конституция жобасында ғылым-білім, цифрландыру, жасанды интеллект мәселелерінің қамтылуы да орынды. Алайда кез келген технологиялық даму адам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Осы қағиданың Ата Заң деңгейінде бекітілуі болашақта құқықтық тәуекелдердің алдын алуға мүмкіндік береді. Қорытындылай келе, Конституцияға енгізілетін өзгерістер еліміздің құқықтық жүйесін заманауи талаптарға сай жаңғыртып, әділ, ашық және жауапты мемлекет қалыптастыруға берік негіз қалайды деп есептеймін.

А.АЙТУҒАН

ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Өткен жылы «Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ-ның ұйымдастыруымен Түркістан қаласында «Қыз көш керуені» айдары бойынша «Ең биік сәукеле» (биіктігі 5 метр, желегі 560 метр) 1500-ге таяу аналардың қатысуымен, қолдауымен Халықаралық рекордтар кітабына енгізілген болатын. WORLD BOOK OF RECORDS тізіміне енгізілгені тек қана Павлодар облысы ғана емес, қазақ елі үшін, халқымыз үшін зор мақтаныш, баға жетпес рухани жетістік болды.

БАЯНАУЫЛДЫҚ АНАЛАР РЕКОРДТАР КІТАБЫНА ЕНДІ



Таяуда Астанада әлемдік маңызы бар форумға «Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ-нің Баянауыл аудандық филиалының мүшелері қатысып, үлкен қуанышпен оралды. Аталмыш шара – GBR (GLOBAL BEST of RECORDS) Африка мен Азия елдері бойынша әлемдік рекорд кітабының ресми тұсаукесеріне арналды. GBR – әлемдегі төрт рекорд кітаптарының бірі. Астанада өткен тұсаукесер рәсіміне Түркия, Тунис, Мозамбик, Мысыр, Араб елдерінің, Судан, Пәкістан, Ауғанстан, Моңғолияның өкілдері арнайы қатысты. Бұл – ғылым, мәдениет, өнер, спорт және ерік-жігер арқылы тарихқа айналған рекордтар жинағы. GBR кітабына 20 рекорд енгізілген. Осынау салтанатты іс-шара барысында GBR кітабы таныстырылымы өтті. Қазақстаннан шыққан 20 рекордшы халықаралық деңгейде марапатталды. Әлем рекордтар кітабына Павлодар облысының аналары «Ақ кимешек»

жобасымен енгізілді. Олардың қатарында Баянауылдан Жамбы Ипатқызы, Тоғжан Мақажанқызы, Бақыт Қанашқызы, Алма Ғалымқызы болғанын ерекше атап айтқан жөн. Қазақтың киелі кимешегін әлемге паш ету өткен жылы Павлодар облысының «Қазақ аналары – дәстүрге жол» ҚБ-нің ұжымына бұйырды. «Киелі кимешек» жобасының авторы павлодарлық Гүләйім Мәжитқызының еңбегі өте зор. Павлодар, Баянауыл ауданы бойынша «Қазақ аналары – дәстүрге жол» бірлестігінің төрайымы Жамбы Ипатқызының басшылығымен «Киелі кимешек» жобасына демеушілік, қолдау көрсеткендерін атап айтқымыз келеді. Жастар арасында ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда ерекше үлесін қосып келе жатқан баянауылдық аналар ұжымы өткен жылы Ертіс жағасында алып кимешекке арналып жасалған инсталляцияға белсене атсалысты.

Әлемдегі ең үлкен қазақтың киелі кимешегінің ұзындығы суағарымен 4 метрдей, 2025 дана інжу-маржан, жасанды моншақ, оның 560 алтын түсті моншағы, 80 дана күміс, метал теңгеліктер қадалған. 80 дана күміс ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналып тігілді. Алып кимешектің ою-өрнектері түрлі-түсті жіптермен әсемделіп, кестеленген. Әлемдік рекордтар кітабына есімдері енгізілген Баянауыл ауданынан қатысқан Жамбы Ипатқызы, Алма Ғалымқызы, Тоғжан Мақажанқызы, Бақыт Қанашқызы, Шолпан Жақыпова, Қантбала Түсіпова, Сәуле Әлібекова, Гүлназима Жүсіпбаева өз есімдері жазылған «Алып кимешек» белгісімен және GBR төсбелгілерімен марапатталып, есімдері GBR дүниежүзілік рекордтар кітабына енгізілді. Дөңгелек пішінді белгіде «Алып кимешек. Әлемдік рекорд иегері» деп әрі қарай әр ананың аты-жөндері жазылған.

Биылғы жыл басында Астананың төрінде өткізілген ауқымды тарихи форумға қатысушы ақ жаулықты аналардың рекордтық кітапқа кірулері ерекше оқиға болды. Халық үшін елді елең еткізер жағымды жаңалық болары даусыз.

– Алдағы уақытта да осындай мәнімаңызы ерекше ауқымды жобалар аясында қызмет ететін боламыз. Біз үшін осындай қуанышты жағдай тосын жаңалық. Өз есімдеріміз жазылған «Алып кимешек» белгісін алғанымызға қуанышымыз шексіз. Қазақ халқының салт-дәстүрін, ұлттық киімдерін паш ете отырып, жастардың сана-сезімдеріне қозғау салып, олардың бойында отаншылдық, ұлтжандылық қасиеттерін дарыту – басты мақсатымыз, - дейді «Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ-нің мүшесі Алма Әбушахманова.

Бағзад Нұртайқызы,
жергілікті тілші

ШАРА



«ЗАҢ МЕН ТӘРТІП – ОРТАҚ ІС»

Үшқұлын ауылдық клубында жасөспірімдер мен мектеп ұстаздарының қатысуымен «Заң мен тәртіп – ортақ іс» атты кең көлемде іс-шара өткізілді.

Іс-шараға Майқайың учаскелік бөлімшесінің полиция капитаны Нығмет Дидар қатысты. Заң мен тәртіп – қоғам тұрақтылығының, азаматтардың қауіпсіздігі мен бейбіт өмірінің кепілі. Әрбір адам заңды құрметтеп, тәртіпті сақтауға жауапты. Бүгінгі «Заң және тәртіп» іс-шарасының мақсаты – құқықтық мәдениетті арттыру, жас ұрпақтың заңға деген саналы көзқарасын қалыптастыру және әділ қоғам құндылықтарын насихаттау. Бұл іс-шара барысында заң талаптары, азаматтардың құқықтары мен міндеттері, тәртіп бұзудың алдын алу жолдары кеңінен таныстырылып, көрініс қойылды. Заңды білу – өз құқығыңды қорғау, ал тәртіпті сақтау – ортақ жауапкершілік.

Гүлзайра Мұқатайқызы,
Үшқұлын ауылы

5-АҚПАН – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК САЙЛАУ КҮНІ



ЖАСТАР ЖӘНЕ САЙЛАУ

2005 жылы Будапеште өткен сайлау науқанын ұйымдастырушылардың жалпы конференциясында сайлау органдарының кәсіби мерекесі ретінде құрылған Дүниежүзілік сайлау күні бекітілген еді. Дүниежүзілік сайлау күнін мерекелеудің бастамашысы Қазақстан Республикасы толық құқылы мүшесі болып табылатын Еуропа елдерінің сайлауды ұйымдастырушылар қауымдастығы болып табылады. Дүниежүзілік сайлау күні биылғы жылдың ақпан айының бірінші бейсенбісі, яғни 5 ақпан күні аталып өтеді. Дүниежүзілік сайлау күні қазақстандықтардың сайлауға қатысу құқығын және демократиялық бостандықтарын құрметтеуді білдіреді. Дүниежүзілік сайлау күнін өткізу шеңберінде аудан бойынша бірқатар іс-шаралар, ойын-тренингтер, кездесу кештері, ақпараттық сағаттар, дөңгелек үстелдер өткізілді.

Жыл сайын елімізде өткізіліп отыратын сайлау, референдум – қоғамдық саяси ерекше мәні бар жауапты науқан. Халықтың жаппай бір кісідей саяси науқанға қатысулары демократияның даңғыл жолына бастап келеді. Саясат саласында сайлау туралы жастар арасында таным-түсініктерін дамыту, олардың бойында жауапкершілік сезімдерін дарыту – бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Баянауыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының ұйымдастыруымен сайлау мәдениетін көтеру, жастарды еліміздің саяси өміріне қатысуларын қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен, аудандық мәслихат депутаттарымен кездесу өтті. Баянауыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Талғат Қалышбековтің ұйымдастыруымен жастар арасында «Сайлау заңнамасының негізгі аспектілері және заң үстемдігі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шара барысында жастар арасында конституциялық және сайлау реформалары, сайлаудың ашықтығы мен заңдылығын қамтамасыз ету жайлы толық ақпарат берілді. Жастардың сайлауалды сауаттылығы ескелең заманның басты талабы екені атап айтылды.

Айтулы датаға орай Баянауыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясы әрбір елді мекендердегі учаскелік сайлау комиссиясы мүшелерімен бірлесе отырып, жастар арасында маңызды іс-шаралар өткізді. Атап айтқанда, аудандық аумақтық сайлау комиссиясының

мүшелері көпсалалы колледж студенттерімен кездесу өткізе отырып, жастардың азаматтық құқықтары мен міндеттері, сайлау науқаны кезінде дауыс беру тәртібі, сайлау заңнамасы бойынша ақпараттық сағат өткізді. Жастардың қойған сауалдарына аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшелері жауап бере отырып, жалпы сайлау, референдумның мән-мағынасына тоқталды. Сондай-ақ №176, 211 сайлау учаскелерінің төрағалары Л.Досова мен К.Тонтаеваның ұйымдастыруларымен Майқайың №2 жалпы орта білім беру мектебінің жоғары сынып оқушылары арасында Дүниежүзілік сайлау күніне орай «Әркімнің дауысы маңызды: демократиялық қоғамдағы сайлаудың рөлі» тақырыбы бойынша ақпараттық сағат өткізілді. «Сайлау пазлдары» атты іскерлік тренинг ұйымдастырылды. Ақпараттық сағат барысында оқушылар Қазақстан азаматтарының құқықтары мен міндеттерімен таныса отырып, еліміздің саяси өміріне саналы түрде қатысудың маңыздылығын түсінді. «Сайлау пазлдары» іскерлік ойын-тренинг командалық форматта өткізілді. Қатысушы оқушыларға іс жүзінде сайлау процесінің кезеңдерін түсінуге, құқықтық жағдайларды талдауға және кандидаттар рөлінде өздерін сынап көруге мүмкіндіктер берілді. «Сайлау пазлдары» ойын-тренинг барысында оқушылар өз ұстанымдарын дәйекті түрде дәлелдеуге, салмақты оңтайлы шешімдер қабылдауға және сайлаудың маңыздылығын түсінуге ден қойды. Ойын-тренинг жастардың белсенділігі мен қызығушылықтарының жоғары деңгейін көрсетті.

Осындай саяси маңызы бар іс-шара №174 сайлау учаскесінің хатшысы С.Боханова, №205 сайлау учаскесінің төрағасы Д.Қозыбаевтың бастамасы бойынша білім беру мекемелерінде жоғары сынып оқушылары арасында тақырыптық ақпараттық сағаттар, дөңгелек үстел өткізілді. №178 сайлау комиссиясының төрағасы Ж.Бейсенбаева мен хатшысы Г.Сағынтаеваның ұйымдастыруларымен Үшқұлын ауылының жастары арасында «Тәуелсіз сайлау – қоғамның сенімі» атты танымдық сағат барысында ақпараттық түсініктеме берілді. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшесі А.Бейсекеев пен №172 сайлау комиссиясының төраға орынбасары А.Жұматованың ұйымдастыруларымен Ш.Айманов атындағы жалпы орта білім беру мектеп-интернатында «Дауыс беру құқығы – таңдау құқығы» атты жастар арасында дебаттық турнир ұйымдастырылды. Турнир барысында жастар саяси науқанға сын көзімен қарай отырып, сайлау үдерістеріне тұшымды ой-пікірлерін ортаға салды. Жастардың сауалдары бойынша А.Бейсекеев оралымды ой-пікірлерімен бөлісті. Сондай-ақ №179 сайлау учаскесінің төрағасы З.Сәдуақасова мен хатшысы Д.Жұмаділова Сұлужон ауылы жастары арасында танымдық ақпараттық дөңгелек үстел өткізді. Осындай іс-шаралар аудан бойынша әрбір сайлау учаскелерінде өткізілді. Терең мәні бар іс-шаралар алдағы уақытта да жалғаса беретін болады.

Бағзат Нұртайқызы,
жергілікті тілші

ҚОРҒАНЫС

ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ: ӘСКЕРИ САЛАДАҒЫ ЗАҢДЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Заңдылық пен тәртіпті сақтау – әскери қызметтің ажырамас бөлігі. Осы бағытта Павлодар гарнизонының әскери прокуратурасы 2025 жылы кешенді әрі нәтижелі жұмыстар атқарды. Қоғамдық мүддені қорғау аясында жүргізілген тексерулер барысында заң талаптарының бұзылғаны анықталып, кінәлі тұлғалар жауапкершілікке тартылды. Қабылданған шаралардың нәтижесінде мемлекет бюджетіне келтірілген шығын өтеліп, бюджет қаражатын тиімді пайдалану қамтамасыз етілді. Әскери қызметшілердің қызмет ету жағдайларын жақсарту да басты назарда болды. Модульдік казармадағы кемшіліктер жойылып, артық мемлекеттік шығындардың алдын алу мақсатында сатып алулар қайта есептелді. Бұл өз кезегінде бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік берді. Әскери ортада қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жарақаттану деректері жан-жақты талданып, бейнебақылау жүйелерінің жеткіліксіздігі мәселесі көтерілді. Сонымен қатар әскердегі тәртіп мәселесіне әлеуметтік жағдайлардың ықпалы зор. Отбасындағы тәрбие, әлеуметтік теңсіздік пен психологиялық дайындық сарбаздардың мінез-құлқына әсер етеді. Осындай мәселелерді шешу үшін Павлодар гарнизоны әскери прокуратурасымен тәрбиелік және құқықтық жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде.

Павлодар гарнизонының әскери прокуратурасы 4 тексеру жүргізді. Бюджетке келтірілген залал 2,556 млн теңгеге өтеліп, өкімшілік айыппұлдардан қосымша 147 мың теңге түсті. Қызмет жағдайларын жақсарту бағытында 40 мерзімді әскери қызметшіге арналған модульді казармадағы кемшіліктер жойылып, жеткізушіге 2,2 млн теңге жұмсалды. Кеңсе қағазының тиімді пайдалануы арқылы қосымша 1,8 млн теңге үнемделді. Шағын катерлерді тиімді пайдалану үшін инфрақұрылымдық шаралар қолға алынып, катерлерге қызмет көрсету шартында навигация басталған сәттен бастап мүлкіті тиімді пайдалану тармағы енгізілді. Бұл шекара қызметінің катерлерін 1,5-2 айға ұзақ пайдалануға мүмкіндік берді. Медициналық қызметтер бойынша артық төленген 2 млн теңгеден астам қаражат жергілікті бюджетке қайтарылды. Қару-жарақ пен жарылғыш заттар бөлек, қауіпсіз жағдайда сақталып, арнайы контейнерлер орнатылды, бұл әскери қызметшілер мен тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Азаматтардың өтініштері де назардан тыс қалған жоқ. Әскери прокуратураға түскен арыз-шағымдар уақтылы қаралып, заңсыз тәжірибелер тоқтатылды. Есептік кезеңде гарнизонда әскери прокурордың қатысуымен 32 жеке қабылдау өткізілді. Қорытындылай келе, Павлодар гарнизонында жүргізілген жұмыстар «Заң мен тәртіп» қағидатының сөз жүзінде емес, нақты істермен жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді. Бұл – әскери тәртіптің нығаюына және қоғамдағы тұрақтылықтың сақталуына қосылған маңызды үлес.

Павлодар гарнизонының әскери
прокуратурасы



КИЕЛІ БАЯН: КҮРКЕЛІ ТОПЫРАҒЫНАН ҚАЛЫПТАСҚАН ҒАЛЫМ

Ғылым – бір күндік жетістік емес, ғұмырға жүктелген жауапкершілік. Ол тұлғадан терең теориялық дайындықты, әдіснамалық жауапкершілікті және білімді ұрпаққа жеткізе алатын ұстаздық қабілетті талап етеді. Осындай ғылыми жол ғана жеке еңбекті қоғамдық құндылық деңгейіне көтереді.

Баянауыл – талай ғылым, өнер, мәдениет саңлақтарын түлеткен киелі өлке. Осы қасиетті өңірдің бір бөлшегі – Күркелі топырағы бүгінгі күні де елге қызмет ететін, ғылымға адал ғалымдарды қалыптастырып келеді. Солардың бірі – филология ғылымдарының кандидаты, сол өңірден шыққан алғашқы профессор Қуаныш Советұлы Ерғалиев.

Қуаныш Советұлы 1976 жылдың 16 ақпанында Баянауыл ауданы Күркелі аймағына қарасты Қапар ауылында көпбалалы, еңбекқор отбасында дүниеге келген. Әкесі – өз ісінің шебері, маңдай термен нәпақа тапқан механизатор, Социалистік Еңбек Ері атағының иегері Совет Ерғалиев, ал анасы Күлән Ерғалиева – отбасының берекесін ұйытып, бала тәрбиесіне ерекше мән берген парасатты жан. Осындай қарапайым да қадірлі ортадан бастау алған өмір жолы болашақ ғалымның адамдық болмысы мен еңбекқорлық қасиетін ерте қалыптастырды. Қуаныш Советұлы – әке-шешесінің көп күткен, 6 қыздан кейін дүниеге келіп, бүкіл ауылды қуанышқа бөлеген ұлы. Ел боп қуанып, қарсы алған азамат бүгінде Отанының ғылымы мен білімінің дамуына үлесін қосып, өскелең ұрпаққа өнеге болған ғалым-ұстаз. Сонымен қатар апаларына қорған, соңынан ерген інісіне жол көрсетер аға. Ғалымның білімге бастар жолы ауыл мектебінен өрбіді. 1983 жылы ауылындағы Большевик орта мектебінің табалдырығын аттап, 1993 жылы Қ.Кемеңгеров атындағы орта мектепті аяқтады. Кейін облысымыздағы ауыл балаларын оқытатын ертеден қазақ баласының қара шаңырағы болған Ы.Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған облыстық қазақ гимназия-интернатында дайындық курсына оқиды. Осы кездегі дайындығы оның ғылыми ізденіске ерте бет бұруына ықпал етеді. Сөйтіп, 1994-2000 жылдары кемел білімнің ордасы Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша оқуға түседі. Талантты жас әрі қарай сол оқу орнында магистратураны жалғастырады. Осы сәттерінде Қуаныш Советұлы қазақ тіл білімі мен әдебиеттанудың ірі өкілдерінен тәлім алады. Н.Оралбаева, Е.Жанпейісов, Ф.Қалиев, Ф.Оразбаева сынды тілтаным алыптары мен С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Н.Келімбетов бастаған



әдебиеттану мектебінің көрнекті ғалымдарының алдын көреді. Мықты ғылыми капитал қоры ғалымның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына тікелей әсер етті десек болады. Магистрлік академиялық дәрежесін алған жас ғалым алғашқы еңбек жолын Алматы қаласының орта мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беруден бастайды. 2000-2003 жылдары отбасылық жағдайымен өзінің туған жеріне оралып, оқыған мектебінде қызмет жасайды. Араға бірнеше жыл салып, ғылымға деген бейімділігін байқаған ғалымдар тобы Павлодар қаласындағы жоғары оқу орындарына қызметке шақырады. Сөйтіп, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік, Инновациялық Еуразия университеттерінде аға оқытушы болып жұмыс жасайды. 2007 жылдан бастап Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, қазіргі Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетіне орналасып, ғылыми үрдіске араласады. Ол жерде кафедра меңгерушісі, декан қызметтерін абыроймен атқарып, бүгінгі күні жоғары мектептің профессоры ретінде шәкірт тәрбиелеу ісіне үлес қосып келеді. Ұстаздың жетістігі шәкіртімен бағаланса, ғалымның жетекшілігімен 22 магистрлік жұмыс қорғалып, бірнеше докторлық зерттеулер жүргізілуде. Бұл көрсеткішті қалыптасқан ғылыми мектептің көрінісі деп бағалауға болады.

Қуаныш Советұлы 2007 жылы «Смет Кеңесбаевтың фонетикалық еңбектерінің ғылыми негізі» тақырыбындағы кандидаттық диссертация-

сын қорғады. Арамыздан алғаш қорғауға шыққан азаматтың қорғау сәті әлі күнге дейін көз алдымызда. Аудиториядағы қатаң атмосфера, кемел жастағы қаз тізілген ғалымдар, жан-жақтан жауған сұрақтар. Қорғау 4-5 сағатқа созылды. Ғалымдар тарапынан қойылған сұрақтар да тереңнен қамтылды. Бірақ Қуаныш Советұлының жан-жақты ізденуі, терең білімі, ұстамды мінезінің арқасында қорғау сәтті аяқталды. Тартысқа құрылған маңызды қорғау өтті. Ғалым одан кейін де қазақ фонетикасы саласына сүбелі үлес қосып келеді. Ол ғылым жолындағы қажырлы еңбегінің арқасында 2016 жылы қауымдастырылған профессор, 2025 жылы профессор ғылыми атағына ие болды. Бұл да – ұзақ жылғы табанды еңбектің нәтижесі. Қазіргі күндері ол қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық деңгейдегі жұмыстарға қатысып, орфография комиссиясының мүшесі ретінде елдік маңызы бар іске үлес қосуда. Сондай-ақ диссертациялық кеңестердің мүшесі, ғылыми журналдарда редакция алқасының өкілі, республикалық және халықаралық деңгейдегі сарапшы ретінде де танылып жүр. Үш монография, бірнеше оқулықтар мен оқу құралдары, жүзден аса ғылыми мақаланың авторы. Бұның бәрі – ғылымдағы тынымсыз ізденісінің нәтижесі, сонымен қатар оның еңбектері халықаралық ғылыми базаларда жарияланып, қазақ тіл білімі ерекшеліктерін әлемдік кеңістікте танылуына үлес қосқан құрал. Осындай толассыз еңбегінің нәтижесінде

«ЖОО үздік оқытушысы» атанды. Ғалымның еңбегі мемлекет тарапынан да жоғары бағалануда. «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «Ана тілін дамытуға қосқан үлесі үшін» төсбелгілерімен марапатталды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрінің Алғыс хаты, Мемлекеттік ғылыми стипендиясы, облыс әкімінің Алғыс хаты, Құрмет грамотасымен мадақталған.

Қорыта айтсақ, Қуаныш Ерғалиев – киелі Баянауыл қасиетті Күркелі топырағынан нәр алып, ғылымға адал қызмет етіп келе жатқан ғалым. Оның өмір жолы – туған жер рухы мен ұлттық ғылымның сабақтастығын айқын көрсететін тағылымды үлгі. Мұндай ғалымдар – елдің рухани капиталы, ұлт ғылымының тірегі.

Қуаныш Советұлы биыл «Ердің жасы – 50-ді» еңсереді. Мерей жаңыңыз құтты болсын! Елуде есеп бере қарасаңыз, тіл білімінің өзекті мәселелері бойынша ғылым қоржынына бағалы еңбектер қостыңыз. «Ғылымның дамуы – елдің дамуы». Ғылым жолындағы қаламыңыз талмасын. Әрдайым еңсеңіз биік, беделіңіз асқақ, еңбегіңіз жемісті болсын!

Ж.Қ.Сағынтаева,
Әлкей Марғұлан атындағы ППУ
қауымдастырылған профессоры,
PhD докторы

Б.Ж.Сарыбаева,
қауымдастырылған профессор,
филология ғылымдарының
кандидаты

«БІРЛІК» КЕҢШАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА – 65 ЖЫЛ

*«Адамның мәңгі жасауы мүмкін емес, есімінің мәңгі жасауы – мұрат»
Әлішер Науау*

БОЛАТТЫҢ ДАРА ЖОЛЫ

Жиырма төрт сағатын арқалаған уақыт шіркін жүрісінен бір жаңылмай, жылжуынан таймайды. Уақыт өткен сайын өткен өмір аңыздың бір түріне айналып қала береді. Мынау жарық дүниеге келген адам қалпында келіп, сол ұлы атқа дақ түсірмей өткен тіршілік иесінде ғана өкініш болмайтын сияқты. Баянауыл өңірінде ел-жұртының құрметіне бөленіп, аймақтың абыройы мен қадір-қасиетін асқақтатқан азаматтар аз болмаған. Көпшілігі ортамызда болмаса да өнегелі өмірімен, еңбекқорлық іс-әрекетімен тарих легінде лайықты орындарын тапты. Солардың бірі әрі бірегейі – Болат Әйтұмұлы.

Менің Әкем Нұртаймен түйедей құрдас әрі үзеңгілес жолдасы болған Болат Әйтұмұлының адамдарға деген пейілі, адамгершілік парасаты, кісілік қабілеті жоғары, жан-дүниесінің тазалығымен ерекшеленген азамат еді. Толғауы тоқсан тірліктің тар жолында адал еңбек еткен асыл азамат нұрлы ғұмырының бар шырынын елі үшін, ұрпағы үшін сарп етті. Болат Әйтұмұлы өткен дәуір куәгері, бесаспап механизатор, жастардың тәлімгері, ауыл-аймағының көңілі зерделі зиялы ел ағасы атанған азаматы еді. Тілі өткір, қара сөздің қаймағын ағызған, түймедей сөзімен басшы-қосшыларды тізе бүктірген, ел-жұртының құрмет-қошеметіне ие болған Болат Әйтұмұлы сегіз қырлы, бір сырлы азамат еді. Болат Әйтұмұлы 1939 жылы өмірге келген. Жастайынан әкесінен жетім қалған Болат пен інісі Амантайды анасы Мәйдәш тәрбиелеп өсірді. Жастайынан тағдыр тауқыметін бастан кеше жүріп, 15-16 жасынан бастап Болат еңбекке араласты. Қиындықпен шыңдалған бозбала 1955-56 жылдары Шадыра МТС-нда еңбек жолын бастады. Шаруаға пысық жігіт шаруашылықтың барлық саласына атсалды. Ол техникаға әуес болды. МТС-тағы ескі тракторларды жүргізіп үйренді. 1960 жылы Болат аға Шәкар есімді бойжеткенмен көңілі жарасып, отбасын құрды. Сол жылы Болат келіншегі алып «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы кеңшарға (қазіргі таңда Жаңатілек) қоныс аударды. 1961 жылы өмірге тұңғышы Ержан келді. Осылайша өмір жалғаса берді. 1954 жылдан басталған тың және тыңайған жерді игеру науқаны кезінде біздің өлкемізге өзге ұлт өкілдері ағыла бастады. 1960 жылдары Бірлік колхозы совхоз статусына ие болды. Тың далаға Бірлік совхозының алғашқы қадасы қағылып, жоғары жақтың бұйрығы бойынша директоры Михаил Павлович Юрьев тағайындалды. 1962 жылы Болат аға отбасымен Бірлік кеңшарына көшіп келіп, Дүйсен Күйеубаев есімді аға шопанның көмекшісі болып, Қараадыр деген қыстақта тұрды. Болаттың техника тілін жақсы білетіндігін естіген М.Юрьев Болатты Шақшанда ұйымдастырылған тракторшылар бригадасына шақырды. Болат Әйтұмұлы директордың бұйрығы бойын-

ша Шақшанда ұйымдастырылған комсомол-жастардың тракторшылар бригадасының бригадирі болып тағайындалды. Трактордың құлағында ойнайтын Болат Әйтұмұлы тракторшылармен бірге жүріп, Шақшанның тусырап жатқан дархан даласында жер жыртып, егін салды. Сол жылдары Шақшанда орыстар, украиндар, молдавандар қоныстанып, еңбек етті. Бәкібай Тельменбетов, Сергей Паховенко, Александр Воронин, Секен Балтабаев сияқты тракторшылар егін салу жұмыстарына белсене қатысты. Тіпті жыртылған жердің шеттеріне қауын-қарбыз егіп, 1967 жылдары оның да өнімі ерекше болды. 1968 жылы Болат Әйтұмұлы отбасымен Ақмектеп бөлімшесіне қоныс аударды. Ұлы Ержан бастауыш мектеп табалдырығын аттады. 1969 жылы Болат Әйтұмұлы отбасымен Бірлік кеңшарына қоныс аударды. Сол жылы кеңшар директорының бұйрығы бойынша Болат Әйтұмұлы Ертіс ауданына қарасты Северный совхозына аттанды. Мұнда ол «К-700» алып темір тұлпарды меңгеру үшін үш айлық курста оқыды. Ол кездері алып «К-700» тракторының түсі қара сұр болатын. Кейін «К-700» тракторлары заводтан сары түспен шығарыла бастады. «К-700» тракторының куәлігіне ие болған Болат Әйтұмұлы Бірлікте осынау техникамен алыстағы малды қыстақтарға жем-шөп, көмір тасыды. Жер жырту, қыста қар тоқтату сияқты науқандық жұмыстарға бел шешпей араласты. Қарамағындағы техникасын күтіп бабында ұстаған Болат Әйтұмұлы үздіктердің алдыңғы қатарынан көрінді. 1970-1979 жылдары аралығында Бірлік кеңшарының шет жағында ескі ауылда моторлы электр жарығын беретін пунктке Болат аға моторшы Қабыкен Мұқашевтың көмекшісі бола жүріп техникадан қол үзбеді. КСРО-ның заманында КПСС-тің 26-шы съезінің құрметіне Бірлік кеңшарында егіншілік мәдениетін көтеру, астықтың өнімділігін арттыру үшін күрес күшейді. Топырақты агрономиялық ғылымның жоғары талаптарына сәйкес өңдеуге, егістікті мерзімінде күтіп баптауға, агротехникалық және химиялық тыңайтқыштарды дұрыс қолдануға бетбұрыс жасалды. Соның нәтижесінде 1979 жылы совхоз бойынша 43830 центнердің орнына 94482 центнер астық өндіріліп, жоспар 220 пайызға асыра орындалды. Жалпы, 1979-1980 жылдары Баянауыл ауданы бойынша егін орағы саласы бойынша жоғары рекордтық көрсеткіштерге қол жеткізген ерекше жыл болды. Бірлік кеңшары бойынша мемлекетке астық тапсыру жоспары екі есеге орындалып, көптеген механизаторлар жоғары марапаттарға ие болды. Болат Әйтұмұлы өзінің «Нива» комбайнымен астық орудығы жоспарын 215 пайызға дейін жеткізіп шаруашылық бойынша рекорд жасады.

Болат Әйтұмұлының ерен еңбегі елеусіз қалмай КСРО-ның «Құрмет белгісі»

орденімен марапатталды. Кейінгі жылдары Болат аға қол жеткізген ерен еңбегі үшін «Социалистік жарыстың жеңімпазы», «Коммунистік еңбектің екпіндісі» медальдарымен, мақтау грамоталарымен марапатталды. Баянауыл аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып сайланды. Қашанда өзінің жайдары, ашық-жарқын күлкісімен, адамгершілік қасиетімен дараланған Болат өз ортасының гүлі болды. Домбырамен әуелете өн шырқап, мандолинада шебер ойнайтын жігіт сегіз қырлы, бір сырлы азамат ретінде танылды. Сол жылдары Болат Әйтұмұлымен бірге еңбек еткен Анатолий Верещагин, Иван Шатанов, Велшь, Воронин, Клещев, Ниефталиев, Клещев сияқты өзге ұлт өкілдерінің қатары едәуір болатын. Бәрі Болат Әйтұмұлымен ерекше құрметтеп, ақыл-көңесіне жүгінетін. Қысылған жандарға көмектесуге даяр тұратын Болат аға жаны жомарт, пейілі кең еді. Қолындағы барын аямайтын мәрт мінезі үшін ел-жұртына сыйлы азамат өз ортасының ақылшы ағасы ретінде саналатын. Жас механизаторлар білмегендерін Болат Әйтұмұлымен ақылдасып, шешуге ынталы болатын. 1979-1980 жылдары ауылда ұйымдастырылған кілең қыздардан құрылған «Надежда» атты тракторшылар бригадасына келген өрімдей жас құрдастарымен Болат аға оларды қатты аяп, көмектесуге асығатын. Техника тілін жете білмейтін қыздарға білмегендерін үйретіп, шырпыр болып қастарында жүргені үшін Болат Әйтұмұлы бәрі жақсы көріп «ағалап» тұрушы еді.

– Әкем ақкөңіл, жаны жомарт, өте еңбекқор адам еді. Жылдың төрт мезгілінде тыным алмайтын. Балаларына ешқашан ұрысып көрген емес. Балажан адам еді. Әкеміздің өнері балаларына да дарыды деп айтуға болады. Анам Шәкар да өншілігімен ауыл-аймағына танымал жандар еді. Мен, кіші інім Бауыржан, қарындастарым – бәріміз өншіліктен қара жаяу емеспіз. Домбырада ойнаймыз. Бала кезімізде әкеміздің Ресейден көшіп келген Кузема деген жолдасы болатын. Өте жақсы араласты. Содан Бауыржанды бәрі Кузема, Кузя деп атап кетті. Әлі күнге дейін Бауыржан Кузя деп аталып жүр. Ал, неге Кузя деп айтасыңдар деп ешкім сұраған емес. Әкеміздің бауырмалдылығы ерекше еді. Қонақжай адам болатын. Дастархан ешуақытта жиналмайтын. Анамыз көпбалалы ана. Жүзінен мейірім шуағы төгіліп бәрімізді еркелетіп өсірді, - дейді Ержан Болатұлы әкесі жайлы ерекше тебіреніп.

Кейін Болат аға 1985 жылдары денсаулығына байланысты Ақмектеп бөлімшесіне қоныс аударып өз алдына бір отар қой алып, ақтылы қой түлігін өсіру ісін бастады. Табан аудармастан 9 жыл бойы қой бағып, еңбекқорлығымен жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.



Ауылдық Кеңестің депутаты болып сайланып, халық қалаулысы атанды. Қоғамдық жұмыстың бел ортасында жүрген Болат Әйтұмұлы бөлімшеде сайлау комиссиясының мүшесі ретінде жауапты науқанға атсалысты. 1994 жылы құрметті еңбек демалысына шықса да, жеке меншік «Москвич» жеңіл көлігімен ауылдастарын баратын жерлеріне апарып, қол қусырып қарап отырмады. Жұртшылықтың қаражаттан тарыққан заманында ауылдастарын әлдебір шаруаларымен аудан орталығына апарғанда да ешкімнен бір тиын ақы сұрамаған. Тіпті түн ортасында жазатайым ауырып қалған адамды жедел жәрдем көлігін күтпестен Болат аға аудан орталығына аман-есен жеткізген күндері де болды. 40 жылдан аса еңбек еткен жылдар Болат ағаның өмірінде елеусіз өткен жоқ десе де болады. 2005 жылы «Тыңға – 50 жыл» мерекелік медаль төсінде жарқырады. Болаттың дара жолы ешкімге ұқсамайтын даналық жолы. Айта кетерлігі, Болат Әйтұмұлы Бірлік ауылында «К-700» алып тракторын тізгіндеген бірден-бір механизатор ретінде тарихта қалды. Ауыл тарихында есімі алтын әріппен жазылатын Болат Әйтұмұлының осындай бесаспап механизатор екенін кейінгі жас ұрпақ біле бермейді. Өткен ғасырда «К-700» алып тұлпарды шебер меңгере білген Болат Әйтұмұлының артынан ізбасарлары ерді. Қашанда жастардың ұстазы болған Болат Әйтұмұлы – тұғыры биік азамат. Биікке кісіліктің туын тіккен, артында ешпес із қалдырған парасаты мен пайымы мол дарабоз тұлға. Адам артына із қалдыру үшін келеді десек, ағамыздың ғұмырнамасы жастарға үлгі боларлықтай өнегелі, тағылымы мол ғибратты істерге толы. Қай жерде қандай жұмыс атқарса да қоғамның дамуына өлшеусіз үлесін қосты, асқақтамады. «Елім, жұртым» деп еңбектеніп, халқы мен туған жеріне тек жақсылық тіледі. Өмірде өнегелі істерімен ерекшеленген, текті тұлғалардың бірі болған Болат Әйтұмұлы осындай жаны таза азамат еді.

«Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі», дейді халық даналығы. Тағылымды тағдыр кешкен, Бірлік ауылының өсіп-өркендеуіне зор үлесін қосқан Болат Әйтұмұлының есімі ұмытылуы өте мүмкін емес. Оның есімі ұрпақтарының, халқының жадында, жүрегінде мәңгі сақталары хақ. Өйткені, жақсының аты еш уақытта өшпейді. Оған тарих куә. Ел-жұрты куә.

**Бағзат Нұртайқызы,
жергілікті тілші**

Баянауыл ауданының әкімдігі ауданның жер қорынан шаруа немесе фермер қожалығын ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер телімдерін жалға беру бойынша конкурсқа шығарылған жер телімдерінің тізімі

Лот №	Жер учаскесінің қысқаша сипаттамасы	Көлемі, га				Жалға беру мерзімі жыл	Жер телімінің орналасқан жері	
		Барлығы	Жайылым	Түбегейлі жақсартылған жайылым	Егістік/суармалы емес егістік			Басқа алқаптар
1	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10	609,2	609,2			20	Ақсан ауылдық округінің аумағы -45 км	
2	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10	902,2	878,1			24,1	20	Ақсан ауылдық округінің аумағы -45 км
3	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10	756,5	752,8			3,7	20	Ақсан ауылдық округінің аумағы -60 км
4	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8,0	1300	1300				20	Бірлік ауылдық округінің аумағы -35 км
5	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8,0	1050,5238	1045,0			5,5238	20	Бірлік ауылдық округінің аумағы -34 км
6	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8,0	1524,5	1500			24,5	20	Бірлік ауылдық округінің аумағы -6 км
7	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8,0	2011,6	2000			11,6	20	Бірлік ауылдық округінің аумағы -15 км
8	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8,0	713,6	710			3,6	20	Бірлік ауылдық округінің аумағы -17 км
9	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-11	1018,3299	1012,5299			5,8	20	Жаңажол ауылдық округінің аумағы -7 км
10	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10	369,3	368,6			0,7	20	Жаңатілек ауылдық округінің аумағы -9 км
11	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-12	1179,6	1177			2,6	20	Күркелі ауылдық округінің аумағы -12 км
12	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-12	1670,08	1646,28			23,8	20	Қаратомар ауылдық округінің аумағы -13 км
13	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-15	267,3	33,9		232,4	1	20	Қаратомар ауылдық округінің аумағы -16 км
14	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-8,0	701,9343	700			1,9343	20	Қызылтау ауылдық округінің аумағы -26 км
15	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10	94,62	94,42			0,2	20	Құндыкөл ауылдық округінің аумағы -11 км
16	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-9,0	928,3	891,1			37,2	20	Майқайың кентінің аумағы-18 км
17	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-9,0	1092,1	1078,4			13,7	20	Майқайың кентінің аумағы-18 км
18	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-10	930,6	926,6			4	20	Торайғыр ауылдық округінің аумағы-45 км
19	Қызғылт топырақ, бонитетінің балы-12,0	2011,5	1572,1	430		9,4	20	Ұзынбұлақ ауылдық округінің аумағы-22 км
20	Барлығы	19131,781	18296,0299	430	232,4	173,3581		

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар беріледі:

- 1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;
- 2) конкурстық ұсыныс;

Конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң **(05.02-06.03.2026 ж)** - конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдауды бастайды.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу өтінімдерді қабылдау басталған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде **(10.03-02.04.2026ж)** мына мекенжай бойынша: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Қ.Сәтбаев көшесі, 49 үй, (тел: 8-718-40-9-28-91) жүзеге асырылады.

Конкурсқа қатысуға арналған өтінім қағаз тасығышта қолма-қол не почта арқылы немесе «Ақпараттандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «электрондық үкіметтің» веб-порталы арқылы өтінімдерді беру мерзімі аяқталғанға дейін беріледі.

11. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімде Жер кодексінің 43-1-бабының 9-тармағында көрсетілген мәліметтер қамтылуы тиіс.

12. Ақшаруашылықты жүргізу үшін жер учаскесін беруді қоспағанда, конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертаратандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау

жөніндегі міндеттемелер қамтылады.

12-1. Ақшаруашылықты жүргізу үшін конкурстық ұсыныста (бұдан әрі – конкурстық ұсыныс):

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ақшаруашылық объектілерін өсіру көлемі, тиісті инфрақұрылымның және ақшаруашылықты жүргізуге арналған жабдықтың, ақшаруашылық саласындағы білікті мамандардың біліктілігі, ашылатын жұмыс орындарының санының болуы);

2) Қазақстан Республикасы жер заңнамасының және Қазақстан Республикасының ақшаруашылық саласындағы заңнамасының талаптарын орындау бойынша міндеттемелер қамтылады.

12-2. Өтінім беруші конкурстық ұсыныста ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

13. Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

14. Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

15. Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «жылғы _____» _____ дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

16. Жер кодексінің 43-1-бабы 9-тармағының талаптарына сәйкес келмейтін конкурсқа қатысуға арналған өтінімнен бас тартылады. Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2026 жылғы 03 сәуірде сағат 10:30-да мына мекен-жайда ашылады: Павлодар облысы Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы, Қ.Сәтбаев көшесі 45 үйдің мәжіліс залында.

23-2. Осы ауданда, қалада, ауылда, кентте кемінде 5 жыл тұратын адамдарға олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша 10 балл беру түрінде артықшылық беріледі.

Ауыл шаруашылығы кооперативтеріне олардың конкурстық ұсыныстарына қосымша 5 балл беру түрінде артықшылық беріледі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«PWQ land group» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 2026 жылғы 12-наурыз күні сағат 15:00-де, Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенттік әкімшілігі, Майқайың кенті, Астана, 52 көшесі (Әкімдік ғимараты) мекенжайлары.

«Павлодар облысының №521 учаскесінде 2020 жылғы 28 қаңтар №521-ЕЛ барлау лицензиясы бойынша арналған қатты пайдалы қазбаларды барлау жоспары үшін КОРБ, РЕТН, ҚББ, ӨЭББ, ІСЖ» бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізеді.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі сайтында, сондай-ақ uposvr@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Белсенді сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUmJb1ZWdz09> немесе конференция идентификаторы: 916 829 2148. Кіру коды: 6n71D5.

Қосымша ақпаратты мына мекенжай: ecoproject.companu@bk.ru және + 7 (702) 557 40 58 телефондары бойынша алуға болады.

Ұсынылған қызмет түрінің операторы: «PWQ land group» ЖШС, БСН: 200140006310, Астана қ., Есіл а., Түркестан көш., 14а., тел: +7 777 906 66 66

Жобаны әзірлеуші: «Eco Project Company» ЖШС, БСН: 200540023731, Ақтөбе облысы, Ақтөбе Қ. А., Ақтөбе қ., Тургенева 3В, және тел- + 7 (702) 557 40 58 .

Әсер ету аумағы: №521 учаскесі – Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенттік әкімшілігі, Майқайың кенті.

Учаскенің географиялық координаттары: №521 учаскесі, 51° 27'00" с.ш. 75° 54'00" в.д.

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: Майқайың кенті, 51.458711 с.ш. 75.796322 в.д.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «PWQ land group», в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 15 час 00 мин. 12 марта 2026 года по адресу: Павлодарская область, Баянаульский район, Майкаинская п.а., п.Майкаин, ул. Астана 52 (здание Акимата), состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту «РООС, НДВ, ПУО, ПЭК, ППМ для плана разведки твердых полезных ископаемых на участке в Павлодарской области по Лицензии на разведку №521-EL от 28 января 2020 года».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также сайте МИО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/pavlodar-tabigat>».

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте Национального банка данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов, а также unosvr@mail.ru

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантина, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка проводимых общественных слушаний <https://us04web.zoom.us/j/9168292148?pwd=QXhkdWgwOHUvNG1kN0lUUm1jZlZlZDZ09> или Идентификатор конференции: 916 829 2148 Код доступа: 6п71D5.

Дополнительную информацию можно получить по адресу: esoproject.company@bk.ru и по телефонам + 7 (702) 557 40 58.

Оператор намечаемой деятельности ТОО «PWQ land group»: БИН: 200140006310, город Астана, район Есиль ул. Туркестан, Зд. 14а, тел: +7 777 906 66 66

Разработчик проекта: ТОО «Eco Project Company», БИН: 200540023731, Актюбинская область, Актобе г.а., г. Актобе, Тургенева ЗВ, тел: +7 (702) 557 40 58.

Территория воздействия: участок разведки №521 – Павлодарская область, Баянаульский район, Майкаинская п.а., п. Майкаин Географические координаты участка: участок разведки №521, 51° 27'00" с.ш. 75° 54'00" в.д.

Географические координаты территории воздействия: п. Майкаин, 51.458711 с.ш. 75.796322 в.д.

Перечень земельных участков, выставляемых на конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства из земель запаса Баянаульского района Павлодарской области.

Лот №	Характеристика земельного участка	Площадь, га					Срок аренды (лет)	Место расположения земельного участка
		всего	пастбища	Пастбища КУ	пашня не орошаемая	прочие		
1	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-10	609,2	609,2				20	Территория Аксанского с.о.-45 км
2	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-10	902,2	878,1			24,1	20	Территория Аксанского с.о.-45 км
3	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-10	756,5	752,8			3,7	20	Территория Аксанского с.о.-60 км
4	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-8,0	1300	1300				20	Территория Бирликского с.о.-35 км
5	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-8,0	1050,5238	1045,0			5,5238	20	Территория Бирликского с.о.-34 км
6	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-8,0	1524,5	1500			24,5	20	Территория Бирликского с.о.-6 км
7	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-8,0	2011,6	2000			11,6	20	Территория Бирликского с.о.-15 км
8	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-8,0	713,6	710			3,6	20	Территория Бирликского с.о.-17 км
9	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-11	1018,3299	1012,5299			5,8	20	Территория Жанажольского с.о.-7 км
10	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-10	369,3	368,6			0,7	20	Территория Жанатлекского с.о.-9 км
11	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-12	1179,6	1177			2,6	20	Территория Куркелинского с.о.-12 км
12	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-12	1670,08	1646,28			23,8	20	Территория Каратомарского с.о.-13 км
13	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-15	267,3	33,9		232,4	1	20	Территория Каратомарского с.о.-16 км
14	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-8,0	701,9343	700			1,9343	20	Территория Кызылтауского с.о.-26 км
15	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-10	94,62	94,42			0,2	20	Территория Кундыкольского с.о.-11 км
16	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-9,0	928,3	891,1			37,2	20	Территория поселка Майкаин-18 км
17	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-9,0	1092,1	1078,4			13,7	20	Территория поселка Майкаин-18 км
18	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-10	930,6	926,6			4	20	Территория Торайгырского с.о.-45 км
19	Пастбища, темно каштановый почва, балл бонитет-12,0	2011,5	1572,1	430		9,4	20	Территория Узунбулакского с.о.-22 км
	Итого	19131,781	18296,0299	430	232,4	173,3581		

1) заявка на участие в конкурсе;

2) конкурсное предложение;

По истечении тридцати календарных дней со дня первой публикации извещения о проведении конкурса (05.02-06.03.2026г) начинается прием заявок на участие в конкурсе.

Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе осуществляются в течение пятнадцати рабочих дней (10.03-02.04.2026г) со дня начала приема заявок по адресу: ул. Сатпаева 49 с.Баянаул, Баянаульский район, Павлодарская область, тел: 87184092891.

Заявка на участие в конкурсе подается на бумажном носителе нарочно либо по почте или посредством веб-портала «электронного правительства» в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об информатизации» до окончания срока представления заявок.

11. Заявка на участие в конкурсе должна содержать сведения, указанные в пункте 9 статьи 43-1 Земельного кодекса.

12. Конкурсное предложение, за исключением предоставления земельного участка для ведения аквакультуры, содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителем Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

12-1. Конкурсное предложение для ведения аквакультуры (далее –

конкурсное предложение) содержит:

1) бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, объем выращивания объектов аквакультуры, наличие соответствующей инфраструктуры и оборудования для ведения аквакультуры, квалифицированных специалистов в области аквакультуры, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан и законодательства Республики Казахстан в области аквакультуры.

12-2. Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

13. Конкурсное предложение представляется участником конкурса в закрытом конверте, отпечатанное или написанное несмываемыми чернилами в прошитом виде с пронумерованными страницами, где последняя страница заверяется: подписью участника – для физических лиц (или доверенного лица) и подписью первого руководителя (или доверенного лица) и печатью (при ее наличии) – для юридических лиц, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

14. В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

15. В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: «___» _____ года» (указывается точная дата).

16. Заявка на участие в конкурсе, не соответствующая требованиям пункта 9 статьи 43-1 Земельного кодекса, подлежит отклонению. Вскрытие конвертов состоится 03 апреля 2026 года в 10:30 часов, по адресу ул. Сатпаева 45 с.Баянаул, Баянаульский район, Павлодарская область (актовый зал).

22-1. Лицам, проживающим в данном районе, городе, селе, поселке не менее 5 лет, предоставляется преимущество в виде присвоения дополнительных 10 баллов к их конкурсным предложениям.

Сельскохозяйственным кооперативам предоставляется преимущество в виде присвоения дополнительных 5 баллов к их конкурсному предложению.



«Баянтау» газетінің
редакциясы» ЖШС

Құрылтайшы:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУФАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.
Таралымы: 1550 дана
Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

Баспа мекен-жайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.
Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Жұмыс тел: 9-28-37
Эл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru
Instagram: @bayantau_gazeta
Facebook: Баянтау газеті

АҚПАРАТ АҒЫНЫ

ЖАҢА ТЕХНИКАМЕН ТОЛЫҚТЫ



Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2023 жылдан бастап елімізде өртке қарсы жабдықтарды жаңғырту бағдарламасы кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Аталған бағдарламаның негізгі мақсаты – орман және табиғатты қорғау мекемелерінің материалдық-техникалық базасын толық жаңарту, өрт қауіпсіздігін күшейту және табиғи апаттардың алдын алу. Осы бағдарлама аясында «Баянауыл мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» республикалық мемлекеттік мекемесі су жаңа өртке қарсы техникалармен толықты. Өндірісті қаржыландыру қоры арқылы лизинг негізінде ұлттық паркке 8 бірлік АЦ 3,0-40 маркалы КАМАЗ өрт сөндіру автокөлігі табысталды.



Жаңа техникалар үш тоннаға дейін су тасымалдауға қабілетті, жол талғамайтын, өздігінен сөндіру жүйесімен жабдықталған әрі қозғалыс барысында өрт сөндіру мүмкіндігіне ие. Аталған техникалар Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің республикалық бюджеті есебінен алынған. Салтанатты шара барысында техникалардың кілттерін «Павлодар облысының Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы» РММ-ның басшысы Исатай Әбдіразақов табыстады. Іс-шараға қатысқан аудан әкімінің орынбасары Қинаятolla Тәліпов өз сөзінде жаңа техникалардың өңір үшін маңызын атап өтіп, бұл қадам табиғи байлықты сақтауға, өрттің алдын алуға және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге зор үлес қосатынын жеткізді.

Мерейім ҚАЙРАТ



ДАНАЛЫҚ ДӘНІН СЕПКЕН ҰСТАЗ

Академик Қ.И.Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейінде Ертіс өңірінің көрнекті педагогы, ағартушы, филолог Әбікей Зейінұлы Сәтбаевтың туғанына 145 жыл толуына орай «Даналық дәнін сепкен ұстаз» атты дөңгелек үстелге өтті. Дөңгелек үстелге Екібастұз қаласынан ақын, журналист, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сәтбаевтар әулетінің немере күйеу баласы Жұмағали Қоғабай арнайы шақырылды. Арнайы шақырылған қонағымыз 2019 жылы Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры болған А.Нұхұлының бастамасымен өзінің жауапты хатшы болғандығын айта отырып, «Ұлағатты ұстаз Әбікей Сәтбаев» атты кітаптың жазылғандығы, шыққандығы жайлы айта келе, осы кітап өз заманында ағартушы, қайраткер жайлы көптеген зерттеулер мен естеліктерді, пайымдауларды бір арнаға түйістіріп, оқырман қауымға ұсынылғанын айтты. Академик Қ.И.Сәтбаевтың Баянауыл мемориалдық музейіне қолтаңбасын қалдырып, естелікке кітап сыйлады.

Әбікей Сәтбаевтың Алаш партиясына қосқан үлесі жайында Ш.Айманов атындағы ЖОББМИ-ның тарих пәні мұғалімі, PhD докторы, профессор Динара Опабекова өз ойын ортаға салды. Профессор сөзінде Әбікей Зейінұлы саяси қызмет арқылы мақсатшыл, ымырашыл мінез қалыптастырғанын, қай жерде еңбек етсе де билік тізгінін ұстаған өкімет алдында өз көзқарасынан айнамай тұра білгендігін және рухының мықты екендігін айтып өтті. З.Ақышев атындағы ЖОББМ тарих пәнінің ұстазы Ерәділ Түсіпбаев қазақ елінің маңдайалды тарихи тұлғаларына Қ.Сәтбаев, Ж.Аймауытов, Ә.Марғұлан сияқты болашақ ұлы тұлғаларға дәріс беріп, жөн-жоба сілтеген Әбікейдің еңбегі ұшан-теңіз екенін айтты.

Шараға Ш.Шөкин атындағы ЖОББ мектебінің тарих пәнінің ұстаздары мен оқушылары қамтылды. Жиналғандардың назарына Әбікей Сәтбаевтай ұстаздың нақыл сөздері мен ұлттың ұлы тұлғаларының (Қ.Сәтбаев, Ж.Аймауытов, Ә.Марғұлан, Қ.Мұхамедханов, Т.Мусин) ұстазы жайлы аталы сөздері ұсынылды. Әбікей Сәтбаев секілді бірегей тұлғаның өмірі мен қызметі жайлы деректер бүгінгі ұрпаққа жол сілтер жарық жұлдыз болар!

Г.Балабаева,
академик Қ.И.Сәтбаевтың
Баянауыл мемориалдық
музейінің әдіскері